

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі  
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА «ТІРЕК МЕКТЕБІ (РЕСУРСТЫҚ  
ОРТАЛЫҚ) – МАГНИТТІ МЕКТЕПТЕР» КЕШЕНІ» ЖОБАСЫН  
АПРОБАЦИЯДАН ӨТКІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**Астана, 2023**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 1 хаттамасының шешімімен баспаға ұсынылды

«Ақтөбе облысында «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» жобасын апробациядан өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар». – Астана қ.: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 200 б.

Әдістемелік ұсынымдарда Ақтөбе облысында «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» жобасын апробациядан өткізу бойынша мәселелер жазылған. Әдістемелік ұсынымдама ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023-2025 жылдары білім саласын дамыту бойынша Жол картасының Орта білім тарауының 25-34-тараушаларын басшылыққа алып әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдарды Облыстық, аудандық білім басқармаларының әдіскерлері мен шағын жинақты ауыл мектептердің педагогтері, білім беру ұйымдарының басшылары қызмет барысында басшылыққа алуға ұсынылады.

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 489 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған білім беруді дамыту жөніндегі жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы) әзірленді [1].

Жол картасындағы Орта білім тарауының ауыл мектептерін дамытуға арналған 25-тараушасында: «Біріктірілген сыныптар білім алушыларының жеке қажеттіліктері мен жас ерекшеліктерін ескере отырып ШЖМ үшін оқу бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру», сонымен қатар 34-тараушасында «Бір тірек мектебіне 5-6 шағын жинақты мектепті бекіту арқылы шағын жинақты мектептерді қайта ұйымдастыру» деп берілген.

Осыған орай, Жол картасының 34-інші «Бір тірек мектебіне 5-6 шағын жинақты мектепті бекіту арқылы шағын жинақты мектептерді қайта ұйымдастыруды» тараушасын іске асыру мақсатында осы әдістемелік ұсынымдама әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдаманы әзірлеу барысында зерттеуге Ақтөбе облысы таңдап алынған себеп, 2022 жылғы қараша айында аталған өңірде ауыл мектептеріндегі білім сапасын жақсартуға, ауыл мектебі мен қала мектебі арасындағы білімдегі алшақтықты қысқартуға бет бұру мақсатында біраз жұмыстар жүргізілді. Солардың бірі ретінде «Ақтөбе облысындағы шағын жинақты мектептерді қолдауға арналған «Білім-ALL» өңірлік жобасы әзірленіп, іске асырылды [2]. Өңірлік «Білім ALL» жобасы шеңберінде шағын жинақты мектеп білім алушылары мен педагогтері үшін виртуалды оқыту ұйымдастырылды. Осыған орай жобаға ғылыми-әдістемелік қолдау мен оқу-әдістемелік сүйемелдеу Академия тарапынан жүргізілетін болады.

2023 жылы «Amanat» партиясының саяси тұғырнамасының «Білімді ел» тарауында: «Білім мен ғылымға салынған инвестиция – болашаққа салынған инвестиция. Біз тың идеяларға ашық, сыни және креативті ойлай алатын, ізденімпаз, өмірін білім мен кәсіби қабілетін жетілдіруге арнауға дайын азаматтарды тәрбиелеп шығаруымыз қажет. Бұл – зияткер, озық ойлы ұлтты қалыптастырудың негізгі алғышарты», – делінген [3].

Сонымен қатар Партия өз алдына: «Балабақшалар, мектептер, оқу орындарындағы жатақханалардың қолжетімді, ыңғайлы және қауіпсіз болуы; бәсекеге қабілетті білімнің негізі – білікті ұстаздар, сапалы оқулықтар, білімді объективті бағалау; мектепте тек оқытып қана қоймай, тәрбие берілетіні; спорттық және шығармашылық үйірмелердің үздіксіз жұмысына қол жеткізу; ауыл мен қала арасындағы алшақтықты жою, инклюзивті бағдарламалар, оңалту және түзету көмегі ерекше балалардың қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыру секілді міндеттерді қойып отыр.

Сондықтан Жол картасының аталған тарауын басшылыққа алып әзірленген «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» жобасының виртуалды оқыту бағытын «Білім ALL» өңірлік жобасымен қатар апробациядан өткізу шағын жинақты мектептердегі оқыту барысында туындаған

көптеген қиындықтарды шешіп, виртуалды білім беру процесі, білім саласын цифрландыру мәселесінде педагогтерге бағыт беретін ұсынымдама болады.

Әдістемелік ұсынымдаманы әзірлеу барысында:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» № 636 Жарғысының 3-жалпыұлттық басымдық «Сапалы білім» тарауы [4];

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1-қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауының «Сапалы білім беру» тарауы [5];

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары [6];

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 Заңы [7];

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығы [8] мен басқа да НҚА-лар басшылыққа алынды.

Ауыл мектебі ауыл өмірінде ерекше орын алады. Ауыл мектебін ауыл тұрғындары балаларға білім беру дайындығын жүзеге асыратын мекеме ретінде ғана қабылдамай, оған тарихи тұрғыдан ауылды құрушы, сақтаушы, ауылды қорғаушы және ауылды дамытушы фактор ретінде қараған қажет.

Сондай-ақ ауыл мектебі ауылдың тіршілігін қамтамасыз етудің, ауылдағы отбасылардың беріктігінің, ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың маңызды шарты ретінде әрекет етеді. Қоғам барлық кезеңінде ауыл мектебімен етене: халықтың рухани бастаулары; кіші Отан; ана тілінің қаймағы бұзылмаған бастауы; қарашаңырақ, тәрбие бастауы, тату көршілік, бірегейлік сияқты ұғымдарды байланыстырады.

Бұл қоғамның рухани негіздерін нығайтады, жас ұрпақты адамгершілік өзегін, азаматтықты, патриотизмді, толеранттықты қалыптастырады, адамның дүниетанымдық қабілетін, ауыл жастарын қоғамдастық, әлеуметтік жауапкершілік, шаруа адамгершілігі рухында тәрбиелеу мүмкіндігін сақтайды.

Ауыл мектебінің орасан зор ақыл-ой қалыптастырушы әлеуеті, мәдени бастамаларды ұсыну, ауылдың әлеуметтік-мәдени саласын жаңа мазмұнмен толықтыру арқылы халықтық мәдениет идеяларын дамыту мүмкіндіктері туралы мәлімдеме күмән тудырмайды. Мол мәдени мұраны ұрпақтан-ұрпаққа тарату, рухани, дүниетанымдық және мәдени дәстүрлерді менталитеттер диалогі, мәдениеттер диалогі арқылы бекіту жөніндегі рухани миссиясын орындай отырып, ауыл мектебі қоғамның психикалық қасиеттерін жалпы адамзаттық құндылықтармен мақсатты түрде байытады.

## **1. «ТІРЕК МЕКТЕБІ (РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚ) – МАГНИТТІ МЕКТЕПТЕР» КЕШЕНІ» ЖОБАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІН ДАМУҒА ТИГІЗЕР ЫҚПАЛЫ**

Ауылдың қоғамдық менталитетін онда тұратын, өмір сүретін адамдардың әртүрлі ұрпақтары құрайтыны және байытатыны белгілі. Бұл уақыт пен ұрпақ сабақтастығының байланыстырушы тізбегі, адамзаттың әлеуметтік жадының мәні. Дәстүр бойынша, құрамында ересектер мен балалардың бірнеше ұрпағы бар ауылдық отбасы балаларының білім беру тәжірибесін беру және жинақтау үшін қолайлы мүмкіндіктер жасалады.

Ауыл тұрғынының өзін-өзі тануына тән белгілерінің қатарына ауыл қоғамының ашықтығы; ауылда тұратын әрбір отбасына қамқорлық жасау; адами қатынастардың сенімділігі; жерге, табиғатқа, еңбек қызметіне ерекше көзқарасы жатады. Олардың ішінен ауылдың ақыл-ой кеңістігі қалыптасады, оны қайта құру ауыл мектебінің маңызды функциясы деп танылады.

Бұл, әсіресе, соңғы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық деформациялар ауылдық жерлерге әсер еткенге дейін және ауыл тұрғындары көбінесе ұжымдық сана мен құндылықтардың, алдыңғы ұрпақтардың тарихи жадының, халық педагогикасы, медицина, мәдениет, агрономия тәжірибесі мен дәстүрлерінің мұрагерлері мен сақтаушылары болып қала береді.

Ауыл тұрғындарының ұжымдық психологиясында ауыл адамдарының өмір сүруінің заманауи тәсілдеріне түсініктеме табуға болады. Бұл туған жердің болашақ иесі қалыптасуының негізі болуы керек.

Ауыл мұғалімдері бұл мақсатты орындауға дайын, жас ұрпаққа заманауи білім беріп, адамгершілік бағдарларды анықтауға, нақты өмірлік жоспарларды қалыптастыруға, оларды сәтті жүзеге асыру жолдарын көрсетуге көмектеседі. Мұғалімнің білімі, дүниетанымдық сенімдері мен жеке қасиеттері менталитет процесінде қолданылатын педагогикалық құралдар мен технологиялар тиімділігінің маңызды факторы болып саналады.

Ауылдағы білім беру жүйесін жетілдіру қазіргі уақытта бірінші кезектегі әлеуметтік проблемалардың біріне айналып отырғанын мойындау керек. Ата-аналар, балалар, педагогтер, білім беру жетекшілері болашақта ауыл мектебі қандай болады, ол ауылдың экономикалық және мәдени, рухани дамуындағы қызметі мен әлеуметтік функцияларын жоғалтады ма, жоқ па деген мәселеге алаңдай алмайды.

Бала мектеп қабырғасынан қандай «білім қорымен» шығуы керек? Білім, тәрбие арқылы қоғамды қалай біріктіруге болады? Мектеп арқылы зардап шеккен ауыл қоғамының жүйесін қалай қалпына келтіруге болады, баланың ғана емес, ересек адамның да жеке басының дамуына қолайлы әлеуметтік-педагогикалық ортаны қалай құруға болады? Мектепті сақтау және дамыту үшін

қолжетімді ресурстарды қайдан табуға болады? Осы сұрақтарға жауап іздеу ауыл мектептерін дамытудың келесі қадамы болып есептеледі.

Ауылды жерде еңбек адамының жеке басын оның әлеуметтік мәнін жоғары түсінуде қалыптастыру ауыл мектебінің ауылдың ақыл-ой кеңістігінің мәдени орталығы ретіндегі маңызды міндеті. Ата-аналар өз балаларын келесідей болашақ жер иесін көргілері келеді:

- шаруа мәдениетінің рухани-адамгершілік құндылықтарына ие;
- өмірлік мақсаттары айқын адам;
- жер, табиғат алдында жауапты, оларға қызмет етуге ниеті мен қажеттілігі бар;
- іскер, белсенді, әділ және жақын адамына мейірімді;
- туған жердегі еңбек шаруаның ең жоғары моральдық міндеті екенін түсінетіндерге;
- ауылдық өмір салтын, халықтық әдет-ғұрыптарды терең құрметтейтін;
- ана тіліне, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға, бастапқы қызмет түрлеріне ұқыпты қарайтыны және т.б.

Бүгінгі ауыл мектебінің міндеті – халықтың құндылықтары мен мақсаттарын тарататын, ауылдастарға өмірдің маңызды мәселелерін шешуге көмектесетін, халықтың психикалық ерекшеліктері мен дәстүрлерін сақтайтын және көбейтетін халық мектебі бола білу.

Алайда, ата-аналар мен мұғалімдердің ауыл мектебінің миссиясына деген көзқарастарындағы бірлік әрдайым ауыл балаларына сәйкес келе бермейді, бұл бір жағынан қазіргі ауыл өмірінің шындығына, екінші жағынан қазіргі мектептегі білім беру тәжірибесіне байланысты.

Ауылдардың әлеуметтік-білім беру саласында соңғы жылдары келесідей үрдістер байқалады:

- білім алушылардың әлеуметтік құндылықтары мен қажеттіліктерінің құрылымын өзгерту, олардың әлеуметтік тұрақсыздығы;
- балалардың тұратын жерінен, туған үйінен, тамырынан алшақтатуы, ұрпақтар арасындағы байланыстардың бұзылуы;
- ауыл тұрғындарының жас буынында коммуналдық өзара көмекті, тату көршілікті, ауыл үшін маңызды «бүкіл әлем» проблемаларын шешуге деген көзқарастарды біртіндеп жоғалтуда;
- түлектердің Агроөнеркәсіптік кешендегі өнімді еңбекке, ауыл шаруашылығы мамандықтарын таңдауға уәждемесінің төмендігі;
- педагогикалық ұжымдардың ауыл мектебіндегі білім мазмұнын, жер иесін даярлау қажеттіліктеріне жауап беретін мектеп өмірін жаңартуға саналы түрде ұмтылуы.

Елімізде ауыл мектептерін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 4 ақпанда «2003-2005 жылдарға арналған – «Ауыл мектебі» мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды [9]. Араға 20 жыл салынса да ауыл мектептерін дамыту мен білім алушыларға сапалы білімді қолжетімді ету мәселесі әлі күнге дейін маңызды болып отырғаны белгілі.

Бүгінгі күні білім беру саласында ауыл мектептері мен шағын жинақты мектептерді дамытуға бағытталған тың, жаңа идеялар мен жаңаша көзқарас, тұжырым қажет. Себебі, ғылыми-техникалық прогрестің және виртуалды кеңістіктегі ақпараттық толқынның легінен қажетті ақпаратты тиімді пайдалана алу үшін заманауи білім беру ортасын қалыптастыруымыз керек.

Осыған орай 2023-2024 оқу жылында шағын жинақты мектептердің көптеген мәселесін шешуге бағытталған «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешенін» Республика көлемінде енгізу жоспарланып отыр.

***Аталған жобада шағын жинақты мектептердің келесі маңызды мәселелерін шешуге көзделіп отыр:***

***1-мәселе. Кешенге біріктіру.*** «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» шағын жинақты мектептердің жабылуын алдын алу, педагог кадрлардың жетіспеушілігі мәселесін шешу, шалғайдағы мектеп білім алушылары үшін сессиялық оқуларды ұйымдастыру мен ортақ қаржыландыру мен басқаруға бағытталған.

Бүгінгі таңда ауылдық жердегі шағын жинақты мектептердің жыл сайын жабылу қарқыны артып келе жатқаны, шағын жинақты мектептердің қарқынды дамымай және одан әрі дамуға мүмкіндігінің жоқтығы, біріктірілген сыныптардағы педагогтердің бірнеше сынып білім алушыларына қатарынан бірнеше пәннен сабақ өткізу арқылы білім беру сапасының төмен болуы, осыған байланысты педагогтер жүктемесінің арттыруы, МТБ жағдайының төмендігі және т.б. мәселелер – күн тәртібінде шешуді қажет ететін мәселелердің бірі.

Кешенде бірнеше ауылдық магнитті (шағын жинақты) мектептерді бір тірек мектепке (ресурстық орталыққа) бекітіп, ортақ қаржыландыру мен басқару тетігін құру, тірек мектеп педагогтерінің құзіреттіліктерін артыру, виртуалды сабақтарды ұйымдастырып, жүргізу арқылы мектеп педагогтерінің пәндік және цифрлық сауаттылығын арттыру – Кешеннің өзектілігі ретінде қарастырылады.

Кешен шеңберінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің (жабдықталған оқу кабинеттерінде оқыту, зертханалық жұмыстарды жүргізу, қажетті оқулықтарға және сапалы интернетке қол жеткізу, білікті педагогтердің оқытуы және т.б.) сапасы артады.

***Кешенді құру:***

- шағын жинақты мектептерді дамыту стратегиясын әзірлеуге;
- Кешенде бірыңғай қаржыландыру мен ортақ басқару тетігін жүзеге асыруға;
- виртуалды оқытуды ұйымдастыру үшін тірек және магниттік мектептер ресурстармен жабдықтауға;
- заманауи оқу жабдықтарын пайдалана отырып виртуалды оқытуды ұйымдастыруға;
- Кешеннің құқықтық негізін қамтамасыз ету үшін қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізуге;
- білім алушылардың оқу жетістіктері мен Кешенді іске асыру тиімділігіне мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

***Кешен қызметінің басым бағыттары:***

- тірек мектебі мен магнитті мектептерді бір Кешенге (ресурстық орталыққа) біріктіру арқылы ортақ қаржыландыру мен басқару жүйесі құрылады. Мектептердің басқару мен қаржыландыру бағытында ашықтық пайда болады;

- тірек мектептердің педагогтері мен басшылығына цифрлы форматта виртуалды оқыту жүйесі қолжетімді болады. Педагогтер өздігінен платформада жұмыс жасауға, виртуалды педагогпен бірлесе сабақ жоспарын құруға және виртуалды сабақтарды ұйымдастырып өткізуге бейімделеді;

- ауылдық шағын жинақты мектептердің педагогтері мен білім алушыларына оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеушілік тұрғысынан қолдау көрсетіледі;

- білім беру процесінің барлық қатысушыларының жеке өсуін қамтамасыз ететін жағдайлар жасалады;

- мектептерде кадрлар тапшылығы проблемасын шешу және бейіндік оқытуды іске асыру шеңберінде білім алушыларды ерте кәсіптік бағдарлауға қолжетімділік қамтамасыз етіледі;

- магнитті мектеп жағдайында зияткерлік қабілеттерді дамыту және инклюзивті оқыту қамтамасыз етіледі.

### ***Кешеннің мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері***

**Кешен құрудың мақсаты** – ауылдық шағын жинақты мектеп білім алушыларының сапалы білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету.

### ***Кешеннің міндеттері:***

- магниттік мектепте маманның, қажетті оқу және зертханалық жабдықтардың болмауына байланысты виртуалды оқыту үшін айқындалған оқу пәндері (5-11-сыныптар) бойынша қажетті ресурстық базамен қамтамасыз ету және виртуалды оқытуды іске асыру арқылы Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты азайту және т. б.

- ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде білім алушылардың бойында бейіналды және бейіндік білім беру жүйесі арқылы өмірлік ұстанымды таңдау үшін жауапкершілікті қалыптастыру, кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг мәселелері бойынша базалық жалпы оқу білімі мен құзыреттерін түсіну және қолдану;

- ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базасын виртуалды білім беру платформалары арқылы оқыту үшін цифрлық жабдықтармен, оқу материалдарымен және электрондық білім беру ресурстарымен жарақтандыру;

- магниттік мектепте маманның, қажетті оқу және зертханалық жабдықтардың болмауына байланысты виртуалды оқыту үшін анықталған оқу пәндері (5-11-сыныптар) бойынша тірек және магниттік мектеп педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру.

### ***Күтілетін нәтижелер:***

- Ресурстық базаны қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы оқыту сапасындағы алшақтық азаяды;



- Ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде білім алушылардың бойында бейіналды және бейіндік білім беру жүйесі арқылы өмірлік ұстанымды таңдау үшін жауапкершілік қалыптасады, кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг мәселелері бойынша базалық жалпы оқу білімі мен құзыреттерін түсінеді және қолданады;

- Ауылдық мектептердің материалдық-техникалық базасын виртуалды білім беру платформалары арқылы оқыту үшін цифрлық жабдықтармен, оқу материалдарымен және электрондық білім беру ресурстарымен жақсарады;

- магниттік мектепте маманның, қажетті оқу және зертханалық жабдықтардың болмауына байланысты виртуалды оқыту үшін анықталған оқу пәндері (5-11-сыныптар) бойынша тірек және магниттік мектеп педагогтерінің біліктілігін арттыру курстары өткізілді.

Аталған Жоба маңызды жоба ретінде шағын жинақты мектептердің көптеген мәселелерін шешуге бағытталған.

**2-мәселе. Шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сыныптар мәселесін шешуге ұмтылу.** шағын жинақты мектептердегі ендігі мәселе – баласының аздығына байланысты сыныптарды сынып-комплектілерге біріктіру мәселесі.

«Шағын жинақты мектеп» (бұдан әрі – ШЖМ) – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп» [10].

Шағын жинақты мектепте (бұдан әрі – ШЖМ) оқу-тәрбие процесі біріктірілген сыныптарда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға сәйкес жүргізіледі. ШЖМ-дағы 2-11-сыныптардың толымдығына 3 және одан артық білім алушыға дейін рұқсат беріледі. Әртүрлі жастағы оқыту әдістемелерін қолдану кезінде 1, 2 жас айырмасын ескере отырып, екі немесе үш сыныпты біріктіруге жол беріледі. Сыныптарды біріктіру кезінде оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзгермелі кестесі қолданылады.

ШЖМ-да бірінші сынып пен бітіруші сыныптардың білім алушыларын біріктіріп оқытуға жол берілмейді.

«Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинағының [11] мәліметтері бойынша, шағын жинақты мектептерде барлығы 29 502 сынып бар екен. Оның 26 702-сі біріктірілмеген болса, 2 800-і (9 %) біріктірілген сыныптар болып саналады. 1-4-сыныптарда 1378 (50 %), 5-9-сыныптарды 1355 (48%) 10-11-сыныптарда 67 (2%).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы № 614 бұйрығында 98-пунктінде: «Бірінші сынып, бітіруші сыныптың білім алушыларын басқа сыныптарымен біріктіріп оқытуға жол берілмейді», – делінген [10]. Алайда, жергілікті жерде бала санының аздығына қарай бұл пункт орындау әртүрлі шешімін табуда. Осы мәселені шешу үшін, яғни әр сыныптың білім алушысына сапалы, қолжетімді білім беру

мәселесін қарастыруда жаңаша әдіс-тәсілдерді пайдаланған дұрыс. Білім саласын цифрландыру процесінде шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптары үшін виртуалды оқыту тиімді ұйымдастыру қажет. Сондықтан «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешенінің виртуалды оқыту бағытын «Білім ALL» өңірлік жобасымен ұштастыра жүргізген және Жобаларды апробациядан өткізе отырып іске асырған дұрыс. Виртуалды оқыту процесін ұйымдастыру – шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сыныптарда оқыту мәселесін шешудің өзіндік жолы деп қарастырылады.

**3-мәселе. Виртуалды білім беру жүйесін қалыптастыру арқылы сапалы білімді қолжетімді ету.**

Цифрландыру процесі өміріміздің барлық салаларына, соның ішінде білім саласына етене енді. Бүгінде ауылдық мектептердің педагогтеріне, шағын жинақты мектептердің білім алушылары және педагогтеріне, білімінде олқылықтары бар, мотивациясы төмен білім алушылар мен үйде оқитын оқушыларға қосымша білім беру, ауыл мектептері мен қала мектептері арасындағы білімдегі алшақтықты қысқарту мақсатында виртуалды оқыту процесін тиімді жолмен енгізу қажеттілігі бар.

Ауыл мектептері мен шағын жинақты мектептерде виртуалды оқыту процесін жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» № 636 Жарғысының 3-жалпыұлттық басымдық «Сапалы білім» тарауында жазылған: «Цифрлық білім беру ортасы дәстүрлі баламасына қарамастан, қажет болған жағдайда оны толықтыра отырып, мұғалім мен оқушылар арасындағы коммуникацияның және қайтымды байланыстың жаңа арналарына қолжетімділікті аша отырып, жұмыс істейтін болады» және Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1-қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауының «Сапалы білім беру» тараушасында: «Тұрмысы төмен отбасында өсіп жатқан балаларға орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты аясында қолдау көрсету айрықша маңызды. Материалдық қолдау көрсету шараларын «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасымен толықтырған жөн. Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Мұғалімдерді қазіргідей 5 жылда емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуіміз керек деп санаймын. Өйткені олар шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс», – деген [5].

Виртуалды оқыту процесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 2.7-тарауы «Жаңа сандық мүмкіндіктер» тарауының «Барлық қалалар мен аудан орталықтарында кең жолақты Интернетке қол жеткізуді қамтамасыз ету» 70-пінктіне сәйкес іске асыру жоспарланып отыр.

**Виртуалды оқыту процесін ұйымдастыруда:**

- цифрлық технологиялар арқылы жалпы орта білім беру ұйымдарындағы негізгі процестер мен басқару процестерін түрлендіру;
- білім беру процесіне заманауи технологияларды енгізу;
- онлайн-платформаларды кеңінен пайдалану;
- жекеленген білім беру траекториялары мен курстарын, кеңістік пен форматтардың жаңа мүмкіндіктерін енгізу міндеттері тұр.

Виртуалды оқыту процесін ұйымдастыруда ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базасының жағдайын қарастырғанымыз жөн. Ұлттық жинақ мәліметтерінің негізінде шағын жинақты мектептерде оқу үрдісінде қолданылатын компьютерлік техниканың жалпы саны – 91 614. Оның есептен шығарылғаны – 12828 (14%). 1 компьютерге келетін оқушы саны – 2,1. Мектептердегі интерактивтік тақталар саны – 6564. Лингафондық және мультимедиялық кабинеттердің саны – 600. Интернетке кіру мүмкіндігі бар мектептердің саны – 2752. Оның ішінде жылдамдығы 4 Мбит/с дейін интернет желісіне қосылған мектептердің саны – 74. Сондықтан виртуалды білім беруді ұйымдастыру барысында мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту ұсынылады.

Ауылдық шағын жинақты мектептерде виртуалды оқыту процесін жүзеге асыруда педагогтердің сапалық құрамының деңгейі жоғары, цифрлық сауатты, құзыретті болғаны абзал.

Ұлттық жинақ мәліметтері бойынша шағын жинақты мектептерде – 50568 педагог қызмет атқарады. Педагогтерді білім деңгейлері бойынша сараласақ, оның жоғары білімдісі – 41 942 (82,9 %), техникалық және кәсіптік білімі бары – 8 579 (16,9 %) және жалпы орта білімі бары – 47 (0,2%).

Шағын жинақты мектептерде – 13 684 санатсыз педагог қызмет атқарады. Бұл 27 %-ды құрап отыр. Әрине бұл мәселе ойланатын мәселе.

Шағын жинақты мектептердің техникалық жағдайын да сапалы білім беруге әсер ететін факторлардың бірі ретінде қарастыруға болады. Республика бойынша 1824 (66%) мектеп типтік болып есептеледі. Бейімделген мектептер, яғни басқа жағдайда арналып салынған, қазіргі кезде мектеп ретінде жұмыс жасап тұрған ғимарат саны – 929 (34 %). Шағын жинақты мектептердің апаттық жағдайындағы – 11 (0,3%). Күрделі жөндеуді қажет ететіні – 127 (0,5%).

Әрине шағын жинақты мектептердегі мәселелер жоғарыда көрсетіліп өтті. Алдағы уақытта Жергілікті атқарушы органдар тарапынан көрсетілген мәселелерді шешу және ауылдық шағын жинақты мектеп білім алушыларына сапалы білімді қолжетімді ету мәселесін қарастыру ұсынылады.

Ақтөбе облысында «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» жобасын апробациядан өткізуде біріншіден, өңірдегі 204 шағын жинақты мектептерді кешендерге біріктіру арқылы ортақ басқару мен қаржыландыру тетігін іске қосуға, білім алушылардың дүниетанымын дамытуға, әлеуметтенуіне, коллаборацияға түсуін, сапалы, қолжетімді білім алуына мүмкіндіктерді қарастыру мәселесі көзделген.

Екіншіден, Ақтөбе облысында шағын жинақты мектептерді қолдауға арналған «БІЛІМ ALL» өңірлік жобасының шеңберінде кешендердегі виртуалды білім беру жүйесі жолға қойылады.

***«БІЛІМ ALL» өңірлік жобасының басым бағыттары:***

- күрделі тақырыптар бойынша кеңес беру;
- үй тапсырмасын орындау, қорытынды аттестаттауға және ҰБТ-ға дайындық;
- педагогтерді ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу (пилотты апробациялау, мониторинг, қашықтан оқытуды енгізу) және т.б.

***Жобаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері***

***Жобаның мақсаты*** – шағын жинақты мектептердің білім алушылары мен педагогтеріне цифрлық ортада сапалы, қолжетімді білім беруді ұйымдастыру, білімдегі олқылықтарды азайту, білім алушыларға академиялық және когнитивтік қолдау көрсету.

***Жобаның міндеттері:***

- шағын жинақты мектеп білім алушыларының цифрлық сауаттылық, құзыреттілік, цифрлық мәдениеттерін дамыту;
- цифрлық технологияларды пайдалану арқылы виртуалды дағдыларды жетілдіру;
- өз білімін, іскерлігін түрлендіруде виртуалды кеңістікте инновацияларды тарату, жариялау дағдыларын қалыптастыру.

***Жобадан күтілетін нәтижелер:***

- білім алушыларда цифрлық сауаттылық, құзыреттілік және виртуалды кеңістікте жұмыс істеудің цифрлық мәдениеті дамиды;
- білім алушыларда цифрлық технологияларды қолдану арқылы цифрлық дағдылар жетілдіріледі;
- білім алушылардың өз білімдерін, іскерліктерін түрлендіруде цифрлық кеңістікте инновацияларды тарату, жариялау дағдылары қалыптасады.

Бүгінгі күні ауыл мектептерін, оның ішінде шағын жинақты мектептердің жағдайын жақсарту өзекті мәселе. Сондықтан да осы мақсатта «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» жобасының маңыздылығы мен ауыл мектептерін дамытуға тигізер ықпалы зор.

Берілген тарау «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» жобасының маңыздылығы мен ауыл мектептерін дамытуға тигізер ықпалы» деп берілген. Бұл тарауда ауыл мектептерінің жағдайын жақсарту үшін, магнитті мектептерді цифрлы білім беруді жүзеге асыру үшін тірек мектептердің саны көбейтілуі керек. Тірек мектептер арқылы шағын жинақты мектептерде цифрлы білім беруді ұйымдастыру керек екені айту көзделген.

## 2. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН ОНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

2023 жылғы 1-ақпандағы (Ұлттық білім беру деректер қоры – ҰББДҚ) мәліметі бойынша елімізде – 2669 мектебі жоқ ауыл тіркелген. Бұл ауылдардағы тұрғындар саны – 436 388. Мектеп жасындағы білім алушылар – 62 160. Мектеп ішіндегі интернатқа орналасқаны – 4772. Күнделікті тасымалданып оқитындар – 47 614. Туыстарында тұратындар – 149, мектепке өздері келіп оқитындар – 973. Әрине бұл ойланатын жағдай. Жыл сайын ауыл мектептерінің жабылуы тіркеліп отыратындығы белгілі мәселен, 2020-2021 оқу жылында еліміз бойынша 40 мектеп жабылса, 2021-2022 оқу жылында 51 шағын жинақты ауыл мектебі жабылған. Оның ішінде Ақтөбе облысынан 2 мектеп жабылған.

Ақтөбе облысындағы мектебі жоқ ауылдар бойынша ақпарат келесі кестеде берілген.

1-кесте. Ақтөбе облысында мектебі жоқ өңірлер бойынша ақпарат

№	Аудандар	Елді мекен	Халықтың саны	Мектеп жасындағы балалар саны	мектеп ішіндегі интернатқа орналысқан	күнделік тасымалдаумен қамсыздарылған
1	Алматы		420	58	0	58
2		Алға қ.	105	<b>17</b>	<b>17</b>	0
3		Қызылту с.	62	2	2	0
4		рзд.42	54	5	5	0
5		Ақсазды а.	69	1	1	0
6		Ерназар с.	53	3	3	0
7		Тәңаберген мекені	43	2	2	0
8		Жабасақ с.	35	7	0	7
9		Байжанкөл ауылы	35	7	0	7
10		Қарабұтақ с.	25	5	0	5
11		Кемпірсай ст.	32	6	0	6
12		Ақкөл а.	142	<b>14</b>	<b>0</b>	<b>14</b>
13		Әлімбет с.	8	2	0	2
14		Кемпірсай с.	145	<b>14</b>	<b>0</b>	<b>14</b>
15		Байтақ а.	96	4	4	0
16		Қанай с.	119	<b>7</b>	<b>1</b>	<b>6</b>

17		Өтек а.	86	6	6	0
18		Жарсай а.	18	<b>8</b>	<b>8</b>	0
19		Көк Үй а.	30	1	1	0
20		Сөгәлі ауылы	21	<b>12</b>	<b>0</b>	<b>12</b>
21		Құмсай с.	116	<b>20</b>	<b>20</b>	<b>0</b>
22		Покровка с.	159	6	2	4
23		Жаңатаң с.	41	1	1	0
24		Көкпекті а.	155	<b>8</b>	<b>8</b>	0
25		Ақмоласай с.	147	6	3	3
26		Первомайка с.	107	5	5	0
27		Жаңажол а.	71	12	12	0
28		Қарабұлақ а.	84	<b>10</b>	<b>10</b>	0
29		Шаңды а.	74	5	5	0
30		Қандыағаш қ.	70	5	5	0
31		рзд.57	30	4	4	0
32		Басшилi с.	27	2	2	0
33		Сабындыкөл ауылы	40	8	8	0
34		Жаркемер с.	45	<b>14</b>	<b>6</b>	<b>8</b>
35		Сағашилi а.	70	<b>11</b>	<b>0</b>	<b>11</b>
36		Жалғыз ағаш қыстауы	4	2	2	0
37		Басшилi а.	4	2	2	0
38		Темір көпір ст.	282	1	1	0
39		Тепсен Қарабұлақ а.	32	2	2	0
40		Қаралатсай қыстауы	4	2	0	2
41		Аманкелді қыстауы	4	2	0	2
42		Көбелей а.	17	1	1	0
43		Опытное с.	12	2	0	2
44		рзд.53	11	6	6	0
45		Құмсай а.	17	2	2	0
46		Құдық бекеті	12	1	1	0
47		Құмсай с.	5	2	2	0
48		Шилi а.	13	1	1	0
49		Жамбыл с.	19	2	2	0
50		Қырғыз бекеті	12	3	3	0
51		рзд.57	17	7	7	0
52		Ешкібаз мекені	4	1	1	0
53		Қоңырат с.	38	2	2	0
54		Ақжар мекені	5	1	1	0
55		Бірлік а.	195	2	2	0
56		Шибұлақ с.	155	2	2	0
57		Шұбарқұдық а.	152	<b>9</b>	<b>9</b>	<b>0</b>
58		Жақсымай ст.	200	26	3	23
59		Көктерек с.	39	6	0	6

60		Алтынкұдық мекені	4	3	3	0
61		Алақозы с.	28	6	6	0
62		Әлімбет мекені	8	2	2	0
63		Ақши мекені	9	1	1	0
64		Қопасор с.	10	3	3	0
65		Ақеспе с.	8	2	2	0
66		Шағыр с.	3	1	1	0
67		Қауылжыр а.	34	5	5	0
68		Түз қыстауы	6	3	3	0
69		рзд.66	44	3	3	0
70		рзд.67	30	7	7	0
71		Ұлпан с.	88	<b>30</b>	<b>24</b>	0
72		Кеңдала с.	85	8	8	0
73		Қаратал с.	5	2	2	0
74		Қопатай с.	3	1	1	0
75		Төсбұлақ с.	40	2	2	0
76		Үшқурай с.	20	1	1	0
77		Ережеп мекені	7	2	2	0
78		Шұқыр мекені	5	1	1	0
79	<b>Қобда</b>	Байтақ а.	96	4	4	0
80		Қанай с.	119	7	1	6
81		Жарсай а.	18	8	8	0
82		Көк Үй а.	30	1	1	0
83		Сөгәлі ауылы	21	<b>12</b>	<b>0</b>	<b>12</b>
84	<b>Темір</b>	Бірлік а.	195	2	2	0
85		Шибұлақ с.	155	3	3	0
86		Жақсымай ст.	200	<b>17</b>	<b>2</b>	<b>15</b>
87	<b>Ойыл</b>	Қоңырат с.	38	2	2	0
88	<b>Әйтеке би</b>	Жабасақ с.	35	<b>7</b>	<b>0</b>	<b>7</b>
89		Қарабұтақ с.	25	5	0	5
90	<b>Шалқар</b>	Алақозы с.	28	6	6	0
91		Ақеспе с.	8	2	2	0
92		Шағыр с.	3	1	1	0
93		рзд.66	44	3	3	0
94		рзд.67	30	7	7	0
95		Ұлпан с.	88	<b>30</b>	<b>24</b>	0
96		Кеңдала с.	85	<b>8</b>	<b>8</b>	0
97		Қаратал с.	5	2	2	0
98		Қопатай с.	3	1	1	0
99		Төсбұлақ с.	40	2	2	0
100		Үшқурай с.	20	1	1	0
101	<b>Мұғалжар</b>	Қандыағаш қ.	70	5	5	0
102		рзд.57	30	4	4	0

103		Басшилi с.	27	2	2	0
104		Жаркемер с.	45	14	6	8
105		Тепсен Қарабұлақ а.	32	2	2	0
106		Опытное с.	12	2	0	2
107		рзд.53	11	6	6	0
108		Құмсай а.	17	2	2	0
109		Құдық бекеті	12	1	1	0
110		Құмсай с.	5	2	2	0
111		Шилі а.	13	1	1	0
112		Жамбыл с.	19	2	2	0
113		Қырғыз бекеті	12	3	3	0
114	<b>Қарғалы</b>	Кемпірсай ст.	32	6	0	6
115		Ақкөл а.	142	14	0	14
116		Әлімбет с.	8	2	0	2
117		Кемпірсай с.	145	<b>14</b>	<b>0</b>	<b>14</b>
118	<b>Ақтөбе Қ.Ә.</b>	Алматы ауданы	420	58	0	58
119	<b>Алға</b>	Қызылту с.	62	2	2	0
120		рзд.42	54	5	5	0
121		Ақсазды а.	69	1	1	0
122		Ерназар с.	53	3	3	0
123		Тәңабержен мекені	43	2	2	0
124	<b>Хромтау</b>	Көктерек с.	39	6	0	6
125	<b>Мәртөк</b>	Құмсай с.	116	20	20	0
126		Покровка с.	159	6	2	4
127		Жаңатаң с.	41	1	1	0
128		Көкпекті а.	155	<b>8</b>	<b>8</b>	0
129		Ақмоласай с.	147	6	3	3
130		Первомайка с.	107	5	5	0
131		Жаңажол а.	71	<b>12</b>	<b>12</b>	0
132		Қарабұлақ а.	84	<b>10</b>	<b>10</b>	0
133		Шаңды а.	74	5	5	0
134			<b>8136</b>	<b>831</b>	<b>465</b>	<b>354</b>

Кестеден көріп отырғанымыздай, Ақтөбе облысындағы 133 ауылдың мектебі жоқ. Осы ауылдарда 8136 тұрғын тұрады. Оның 831-і мектеп жасындағы білім алушылар. Мектеп ішіндегі интернатқа орналасқаны – 465. Күнделікті тасымалданып оқитындар – 354 білім алушы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 6 мамырдағы «Халықтың тығыздығына және елді мекендердің қашықтығына қарай білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін бекіту туралы» № 185 бұйрығының «Білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативі» тарауында келесідей берілген [11].



Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жалпы саны әрбір ауылдық елді мекенде:

✓ мектепалды жасындағы адамдардың саны 5 және одан көп болғанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымның жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

✓ кіші мектеп жасындағы адамдардың саны 5 және одан көп болғанда, мемлекеттік бастауыш білім беретін ұйымның жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

✓ кіші және орта мектеп жасындағы адамдардың саны 41 және одан көп болғанда, мемлекеттік негізгі орта білім беретін ұйымның жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

✓ кіші, орта және жоғары мектеп жасындағы адамдардың саны 81 және одан көп болғанда, мемлекеттік жалпы орта білім беретін ұйымның жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

Қалалық жерде тұрғындардың тегін мектепалды және орта білім алуға қажеттілігін қанағаттандыру үшін мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар мен орта білім беретін ұйымдар желісінің жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

Туісті жалпы білім беретін мектептері жоқ елді мекендерде тұратын 10 және одан да көп білім алушы болған жағдайда мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер жанындағы интернаттардың жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

Аз тұрғыны бар елді мекендерде тұратын білім алушылардың контингенті 150 және одан көп болған жағдайда ашылатын мемлекеттік мектеп-интернаттардың жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

Әрбір облыста:

1) мемлекеттік санаториялық мектеп-интернаттардың;

2) мемлекеттік арнайы білім беру ұйымдарының;

3) девиантты мінез-құлықты балаларға арналған мемлекеттік білім беру ұйымының жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

✓ 2-тармақта көрсетілген нормативтер білім беру ұйымдары мектепалды және мектеп жасындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылар тұрақты тұратын елді мекендерден 3 километрден астам қашықтықта болған кезде белгіленеді.

Елді мекендердің арасында табиғи кедергілер (өзендер, көлдер) болған жағдайда мұндай білім беру ұйымдары бір-бірінен аз арақашықтықта құрылады.

Осы бұйрықтың негізінде Ақтөбе облысындағы мектебі жоқ ауылдардағы білім алушылардың жағдайына зерделеу жүргізіліп, олардың сапалы білім алуына, оқу процесін ұйымдастыруда туындап жатқан қиындықтарын анықтап, білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру мәселесі бойынша жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Ақтөбе облысында барлығы – 424 мектеп бар. Оның 404-і мемлекеттік, 14-і жекеменшік, 2-і кешкі және 4-і арнайы коррекциялық.

Өңірде барлығы – 174 096 білім алушы білім алады. Оның 166 072-сі мемлекеттік білім беру ұйымында, 7 330-ы жекеменшік, 89-ы кешкі мектепте, 605-і арнайы-коррекциялық, спорттық саладағы мектептерде – 227 және НЗМ-да – 817 білім алушы білім алады.

Ақтөбе облысында 204 шағын жинақты мектеп бер. Ол мектептерде 14498 білім алушы білім алады және 3913 педагог қызмет атқарады. Келесі кестеде өңірдегі шағын жинақты мектептер мен ондағы білім алушылар контингенті және педагогтері берілген.

2-кесте. Ақтөбе облысындағы шағын жинақты мектептер, білім алушылар мен педагогтер тізімі

№	Аудандар	Елдімекен	Ұйым атауы	КОНТИНГ	педагогтер
1	Ақтөбе Қ.Ә.	Алматы ауданы	«Белогор негізгі мектебі» КММ	33	16
2/1	Алға	Бесқоспа с.	«Бесқоспа орта мектебі» КММ	93	25
3		Көктоғай а.	«Көктоғай негізгі мектебі» КММ	48	16
4		Тікқайың а.	«Тікқайың негізгі мектебі» КММ	43	17
5		Ақай а.	«Ақай орта мектебі» КММ	97	25
6		Көлтабан ауылы	«Көлтабан бастауыш мектебі» КММ	8	2
7		Жерұйық а.	«Жерұйық негізгі мектебі» КММ	38	16
8		Самбай с.	«А.Байтұрсынов атындағы орта мектебі» КММ	132	25
9		Нұрбұлақ а.	«Нұрбұлақ орта мектебі» КММ	106	29
10		Қарабұлақ с.	«Қарабұлақ мектеп-бала-бақшасы» КММ	87	19
11		Амангелді с.	«Аманкелді негізгі мектебі» КММ	30	11
12		Қарақобда с.	«Қарақобда мектеп-бала-бақша» КММ	59	18
13		Қайыңдысай а.	«Қайыңдысай негізгі мектебі» КММ	48	20
14		Сарықобда а.	«Сарықобда орта мектебі» КММ	67	17
15		Болгарка с.	«Болгар мектеп-бақшасы» КММ	55	18
16		Еркінкүш с.	«Еркінкүш бастауыш мектебі» КММ	24	4
17		Талдысай а.	«Талдысай негізгі мектебі» КММ	39	13
18		Қайнар а.	«Тоқмансай орта мектебі» КММ	184	20
19		Тоқмансай с.	«Тоқмансай негізгі мектебі» КММ	57	14
20/2		Әйтеке би	Ақкөл с.	«Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	114
21	Ақтасты с.		«Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	77	19
22	Толыбай с.		«Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	56	22
23	Қияқты с.		«Қыналы негізгі орта білім беретін мектебі» КММ	48	17

24		Милысай с.	«Милы бастауыш білім беретін мектебі» КММ	8	4
25		Ұлғайсын бөлімшесі	«Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	80	20
26		Аралтөбе с.	«Жақия Сәрсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	165	27
27		Тереңсай с.	«Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	117	17
28		Тұмабұлақ а.	«Басқұдық жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	102	26
29		Сарыбұлақ ауылы	«Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі» КММ	32	11
30		Жабасақ с.	«Жабасақ жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	171	28
31		Аққұм с.	«Аққұм негізгі орта білім беретін мектебі» КММ	51	16
32		Байжанкөл ауылы	«Байжанкөл бастауыш білім беретін мектебі» КММ	10	5
33		Жамбыл с.	«Жамбыл жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	90	23
34		Талдық с.	«Талдық негізгі орта білім беретін мектебі» КММ	43	14
35		Белқопа с.	«Белқопа жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	82	20
36		Еңбекту с.	«Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	58	16
37		Жарөткел с.	«Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебі» КММ	54	16
38		Сарат с.	«Сарат жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	64	20
39		Сұлукөл с.	«Сұлукөл жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	59	18
40		Үшқатты с.	«Үшқатты жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	25	14
<b>41/3</b>	<b>Байғанин</b>	Көкбұлақ с.	«Көкбұлақ орта мектебі» КММ	49	22
42		Қосарал с.	«Қосарал негізгі мектебі» КММ	42	17
43		Оймауыт ауылы	«Сағи Жиенбаев атындағы орта мектебі» КММ	147	28
44		Қаражар с.	«Қаражар орта мектебі» КММ	103	26
45		Қораши с.	«Қарабұлақ орта мектебі» КММ	69	29
46		Ебейті с.	«Қопа орта мектебі» КММ	161	30
47		Қопа с.	«Ақтан жырау негізгі мектебі» КММ	32	18
48		Бұлақтыкөл с.	«Бұлақтыкөл орта мектебі» КММ	80	24
49		Жаңатаң с.	«С.Ешбаев атындағы орта мектебі» КММ	97	24
50		Алтай батыр ауылы	«А.С.Пушкин атындағы орта мектебі» КММ	148	25
51		Баршақұм с.	«Баршақұм орта мектебі» КММ	55	19

52	<b>Қарғалы</b>	Миялы с.	«Т.Айбергенов атындағы орта мектебі» КММ	86	24	
53		Дияр с.	«Матайқұм орта мектебі» КММ	56	20	
<b>54/4</b>		Ащылысай а.	«Ащылысай орта мектеп – балабақшасы» КММ	103	22	
55		Бозтөбе а.	«Бозтөбе негізгі мектебі» КММ	13	8	
56		Әлімбет с.	«Әлімбет орта мектеп – балабақшасы» КММ	121	28	
57		Велихов ауылы	«Велиховка негізгі мектебі» КММ	11	8	
58		Жосалы с.	«Жосалы орта мектеп-балабақшасы» КММ	112	30	
59		Степное с.	«Сазды орта мектебі» КММ	94	23	
60		Қайрақты а.	«Қайрақты негізгі мектеп – балабақшасы» КММ	42	9	
<b>61/5</b>		<b>Қобда</b>	Құрсай а.	«Құрсай бастауыш мектебі» КММ	11	5
62	Ақраб с.		«Ақырап орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	87	27	
63	Бестау а.		«Бестау орта мектебі» КММ	76	27	
64	Сарыбұлақ с.		«Сарыбұлақ орта мектебі» КММ	64	23	
65	Әлия а.		«Әлия Молдағұлова атындағы орта мектебі» КММ	171	27	
66	Бұлақ с.		«Бұлақ негізгі мектебі» КММ	22	10	
67	Иманғали Білтабанов атын.а.		«Иманғали Білтабанов атындағы орта мектебі» КММ	84	29	
68	Қосөткел с.		«Қосөткел негізгі мектебі» КММ	27	13	
69	Жарсай а.		«Жарсай негізгі мектебі» КММ	44	22	
70	Ақсай а.		«Ақсай бастауыш мектебі» КММ	7	4	
71	Жарық с.		«Жарық мектеп – балабақшасы» КММ	58	20	
72	Жиренқопа с.		«Жиренқопа орта мектебі» КММ	100	25	
73	Бесқұдық а.		«Калиновка орта мектебі» КММ	137	38	
74	Қызылжар а.		«Қызылжар орта мектебі» КММ	54	22	
75	Қаракемер а.		«Қаракемер негізгі мектебі» КММ	21	16	
76	Бегалы с.		«Бегалы негізгі мектебі» КММ	52	18	
77	Егіндібұлақ а.		«И.Құрманов атындағы орта мектебі» КММ	76	21	
78	Өтек а.		«Өтек негізгі мектебі» КММ	47	18	
79	Қоғалы с.		«Қобыланды негізгі мектебі» КММ	40	13	
80	Талдысай с.		«Қобда ауданының Талдысай орта мектебі» КММ	137	31	
81	Терісаққан а.		«Терісаққан орта мектебі» КММ	100	36	
82	Жаңаталап а.		«Жаңаталап негізгі мектеп- бөбекжайы» КММ	42	20	
<b>83/6</b>	<b>Мәртөк</b>		Қазан а.	«Қазан жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ	74	24
84			Құмсай с.	«Құмсай бастауыш мектебі» КММ	9	7

85		Байторысай ауылы	«Байторысай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	54	19
86		Дмитриевка с.	«Дмитриевка негізгі жалпы білім беретін мектебі» КММ	27	11
87		Полтавка с.	«Полтавка жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	43	16
88		Қазірет с.	«Хазірет жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	80	26
89		Қаратаусай с.	«Қаратаусай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	52	21
90		Аққайың а.	«Аққайың жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	72	22
91		Қызылжар а.	«Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	82	28
92		Бөрте а.	«Бөрте жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	43	19
93		Шевченко с.	«Шевченко жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ	26	12
94		Кеңсахара с.	«Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	96	19
95		Байнассай а.	«Байнассай жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ	36	14
96		Вознесеновка с.	«Вознесеновка жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	84	22
97		Достық а.	«Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ	73	22
98		Құрмансай с.	«Құрмансай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	51	17
99		Егізата а.	«Егізата жалпы бастауыш білім беретін мектебі» КММ	6	2
<b>100/7</b>	<b>Мұғалжар</b>	Жарық с.	«Жарық негізгі орта мектебі» КММ	59	25
101		Елек а.	«Елек негізгі орта мектебі» КММ	67	24
102		Көгібар а.	«Көгібар батыр атындағы негізгі орта мектебі» КММ	43	15
103		Ащысай ауылы	«Ащысай негізгі орта мектебі» КММ	44	19
104		Ақсу с.	«Ақсу негізгі орта мектебі» КММ	39	17
105		Сабындыкөл ауылы	«Сабындыкөл бастауыш мектебі» КММ	5	3
106		Қожасай с.	«Қожасай негізгі орта мектебі» КММ	48	18
107		Саға с.	«Саға жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	113	22
108		Бұлақты а.	«Бұлақты негізгі орта мектебі» КММ	44	16
109		Басшилi а.	«Ы.Мұхамеджанов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	143	23
110		Темір көпір ст.	«Темір стансасындағы №59 бастауыш мектебі» КММ	22	6
111		Қаракөл а.	«А.Жұбанов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	104	22

112		Жаңатұрмыс с.	«Жаңатұрмыс негізгі орта мектебі» КММ	35	17	
113		Қайыңды с.	«Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	135	26	
114		Алтынды с.	«Алтынды жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	116	24	
115		Бірлік а.	«Құмжарған жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	144	19	
116		Құмжарған с.	«Құмжарған негізгі орта мектебі» КММ	34	14	
117		Шенгелші с.	«Шенгелши негізгі орта мектебі» КММ	74	17	
118		Құмсай с.	«Құмсай жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	82	28	
119		Талдысай с.	«Талдысай жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	75	20	
120		Еңбек с.	«Еңбек негізгі орта мектебі» КММ	41	15	
<b>121/8</b>	<b>Ойыл</b>	Ақшатау с.	«Ақшатау орта мектебі» КММ	93	25	
122		Екпетал с.	«Екпетал мектеп-балабақшасы» КММ	60	19	
123		Қаракөмер с.	«Қаракөмер мектеп-балабақшасы» КММ	61	17	
124		Ақжар с.	«Саға мектеп-балабақшасы» КММ	106	29	
125		Көсембай с.	«Көсембай негізгі мектебі» КММ	61	19	
126		Қараой с.	«Қараой мектеп-балабақшасы» КММ	178	26	
127		Құбасай с.	«Құбасай бастауыш мектебі» КММ	7	2	
128		Қарасу с.	«Құрманов бастауыш мектебі» КММ	7	2	
129		Құмжарған с.	«Соркөл орта мектебі» КММ	128	25	
130		Аманкелді ауылы	«Амангелді орта мектебі» КММ	160	29	
131		Қарасу с.	«Қарасу негізгі мектебі» КММ	46	17	
132		Шубарши с.	«Жақсыбайкөл негізгі мектебі» КММ	57	20	
133		Көмер с.	«Ә.Дербісәлин атындағы Саралжын орта мектебі» КММ	174	30	
134		Ақкөмер с.	«Жамбыл мектеп-балабақшасы» КММ	79	23	
135		Бестамақ с.	«Тайсойған негізгі мектебі» КММ	37	14	
136		Шикүдық с.	«Теректі негізгі мектебі» КММ	40	15	
137		Сарыбие с.	«Сапақкөл орта мектебі» КММ	166	33	
138		Қаракөл с.	«Қаракөл бастауыш мектебі» КММ	6	2	
<b>139/9</b>		<b>Темір</b>	Жамбыл а.	«Жамбыл негізгі орта мектебі» КММ	54	15
140			Шұбарқұдық к.	«№5 Шұбарқұдық бастауыш мектебі» КММ	29	8
141	Ақсай с.		«Н.Байғанин атындағы мектеп-балабақшасы» КММ	125	22	
142	Алтықарасу с.		«Алтықарасу мектеп – балабақшасы» КММ	126	24	
143	Еңбекші с.		«Еңбекші мектеп-балабақшасы» КММ	67	20	
144	Сарытоғай ауылы		«Сартоғай негізгі орта мектебі» КММ	30	14	

145		Шығырлы с.	«Ә.Молдағұлова атындағы негізгі мектебі» КММ	33	14
146		Құмқұдық ауылы	«Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	95	21
147		Бабатай с.	«Бабатай негізгі орта мектебі» КММ	41	18
148		Қалмаққырылған ст.	«Кеңесту негізгі орта мектебі» КММ	63	16
149		Қопа с.	«М.Әуезов атындағы негізгі орта мектебі» КММ	34	13
150		Құмсай с.	«Құмсай негізгі орта мектебі» КММ	76	18
151		Тасқопа с.	«Теректі мектеп-балабақшасы» КММ	134	25
<b>152/10</b>	<b>Хромтау</b>	Абай с.	«Абай негізгі мектебі» КММ	40	15
153		Қарлау с.	«Қарлау бастауыш мектебі» КММ	10	4
154		Оңғар а.	«Оңғар орта мектебі» КММ	51	15
155		Майтөбе с.	«Майтөбе орта мектебі» КММ	63	16
156		Аққұдық с.	«Аққұдық орта мектебі» КММ	72	18
157		Көктау с.	«Көктау орта мектебі» КММ	157	33
158		Қопа с.	«Қопа орта мектебі» КММ	142	24
159		Тамды с.	«Сәтпаев орта мектебі» КММ	95	28
160		Құдықсай с.	«Құдықсай негізгі мектебі» КММ	31	12
161		Сарысай с.	«Сарысай орта мектебі» КММ	82	20
162		Қызылсу с.	«Қызылсу орта мектебі» КММ	57	16
163		Ақжар с.	«Просторный бастауыш мектебі» КММ	16	3
164		Никельтау с.	«Никельтау орта мектебі» КММ	178	33
165		Табантал с.	«Табантал орта мектебі» КММ	82	19
166		Тассай с.	«Тассай орта мектебі» КММ	82	27
167		Тасөткел с.	«Тасөткел орта мектебі» КММ	115	22
<b>168/11</b>		<b>Шалқар</b>	Шалқар қ.	«Сарықамыс негізгі орта мектебі» КММ	52
169	Есетата а.		«Сарыбұлақ негізгі орта мектебі» КММ	26	15
170	Қотыртас с.		«Ақтоғай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	146	28
171	Ақтан батыр ат.ауыл		«№44 бастауыш мектебі» КММ	8	3
172	Қорғанжар с.		«№60 бастауыш мектебі» КММ	6	2
173	Қаңбақты с.		«Аяққұм негізгі орта мектебі» КММ	21	12
174	Алабас с.		«Алабас негізгі орта мектебі» КММ	36	15
175	Сарысай с.		«Сарысай мектеп-бөбекжай-бақшасы» КММ	55	17
176	Байқадам с.		«Қорғантау жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	113	33
177	Аққайтым с.		«Жаңақоныс жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	102	27
178	Қопасор с.		«Қызылту негізгі орта мектебі» КММ	20	17
179	Қарашоқат с.		«Қарашоқат жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	109	24
180		Шоқысу с.	«Шоқысу негізгі мектебі» КММ	79	27

181		Соленный ст.	«№42 бастауыш мектебі» КММ	27	9
182		Тоғыз с.	«№7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	114	31
183		Жылан с.	«№33 бастауыш мектебі» КММ	10	7
184		Көпмола с.	«№36 бастауыш мектебі» КММ	10	4
185		Жылтыр с.	«Т.Шанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	86	27
186		Қаратоғай с.	«Қаратоғай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	103	27
187		Тұмалыкөл с.	«М.Орынбасаров атындағы негізгі орта мектебі» КММ	43	19
<b>188/12</b>	<b>Ырғыз</b>	Ырғыз с.	«Ырғыз №2 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	120	32
189		Ақши а.	«М.Төлегенов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	104	26
190		Қалыбай с.	«Қалыбай негізгі орта мектебі» КММ	56	18
191		Аманкөл а.	«Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	109	23
192		Жарма с.	«Нарқызыл негізгі орта мектебі» КММ	58	15
193		Жайсаңбай с.	«Ө.Қанахин атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	92	21
194		Құмтоғай с.	«Құмтоғай жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	119	27
195		Қаракұдық с.	«Қаракұдық негізгі орта мектебі» КММ	46	16
196		Қарасай с.	«Қарасай негізгі орта мектебі» КММ	31	13
197		Құрылыс ауылы	Б.Алманов атындағы ЖББОМ КММ	166	29
198		Жаныс би а.	«Темірастау жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	136	27
199		Шеңбертал с.	«Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	128	28
200		Нұра с.	«Т.Жүргенов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	104	28
201		Белшер с.	«Белшер негізгі орта мектебі» КММ	27	16
202		Дүкен с.	«Дүкен негізгі орта мектебі» КММ	19	13
203		Мамыр с.	«Мамыр негізгі орта мектебі» КММ	38	16
204		Құйылыс с.	«Құйылыс жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	126	31
	<b>Барлығы:</b>			<b>14498</b>	<b>3913</b>

Кестеден көріп отырғанымыздай, өңірдегі 204 шағын жинақты мектептерде 14 498 білім алушы білім алады және осы мектептерде 3913 мұғалім қызмет атқарады.

Ұлттық білім беру деректер қорының мәліметі бойынша Ақтөбе облысындағы шағын жинақты мектептерде 4503 педагог қызмет атқарады. Шағын жинақты мектептердегі педагогтердің сапалық құрамы келесі кестеде берілген.



3-кесте. Ақтөбе облысындағы шағын жинақты мектеп педагогтерінің сапалық құрамы

№	Облыс	бары	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	Жоғары санатты	Бірінші санатты	Екінші санатты	санатсыз
	Ақтөбе облысы	<b>4503</b>	6	567	1174	941	1368	50	223	174	0

Кестеден көріп отырғанымыздай, өңірдегі шағын жинақты мектептерде 6 – «педагог-шебер», 567 – «педагог-зерттеуші», 1174 – «педагог-сарапшы», 941 – «педагог-модератор», 1368 – «педагог», 50 – «жоғары санатты», 223 – бірінші санатты және 174 – «екінші санатты» педагогтер қызмет атқарады. Өңірде санаты жоқ педагог шағын жинақты мектептерде жоқ.

